



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№28 (5189)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

10

шілде (жұма)
июля (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Іле ауданында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының заңды күшіне енуіне арналған кеңейтілген актив жиыны өтті. Басқосудың негізгі мақсаты – Ата Заңның қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру, оның елдің саяси-құқықтық дамуындағы орнына тоқталу және жаңа Конституцияда белгіленген қағидаттардың жүзеге асырылу барысын талқылау.

Іс-шараға Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов төрағалық етті. Жиынға аудандық депутаттар, қоғамдық кеңес мүшелері, құқық қорғау органдарының өкілдері, ардагерлер, зиялы қауым, этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, Аналар кеңесінің мүшелері, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік мекеме басшылары және жастар қатысты.



Жиынды ашқан аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі екенін атап өтті.

– Конституция – мемлекеттің құқықтық негізі ғана емес, қоғам өмірінің басты бағдарын айқындайтын құжат. Жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды өзгерістерді қамтыды. Бүгінде заң үстемдігі мен қоғамдық жауапкершілікті нығайту – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді аудан әкімі.

Жиын барысында жаңа Конституцияның қабылдануының тарихи алғышарттары, оның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы маңызы және мемлекеттік басқару жүйесіне енгізілген өзгерістер жан-жақты сараланды. Сондай-ақ Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған нормаларға ерекше назар аударылды. Іле ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Әмзе Исаев Конституцияның қоғамдағы тұрақтылық пен заң үстемдігін қамтамасыз етудегі маңызына тоқталды. Ол Ата Заң ел бірлігі мен тәуелсіздіктің берік негізі екенін айтып, әрбір азамат

Конституцияны құрметтеп, оның талаптарын сақтауы қажет екенін атап өтті.

Өз кезегінде Іле ауданының Аналар кеңесінің төрайымы, ауданның Құрметті азаматы Мейрамкүл Жәбиева Конституцияда отбасы институтына, қоғамдық келісімге және ұлттық құндылықтарды сақтауға ерекше мән берілгенін атап өтті.

Қоғамның беріктігі ең алдымен отбасының беріктігінен басталады. Конституцияда адамның құқықтары мен қадір-қасиетіне басымдық берілуі – еліміздің басты құндылығының адам екенін көрсетеді. Бұл қағидалар жастар тәрбиесінде де маңызды орын алады, – деді ол.

Жиын барысында жаңа Конституцияның мемлекеттік органдардың қызметіне, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдық бақылауды күшейтуге ықпалы жөнінде пікірлер айтылды. Қатысушылар заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру және азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту мәселелеріне ерекше тоқталды.

Жастар атынан сөз сөйлеген Іле аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Диана Канатова жаңа Конституцияның жастар үшін маңызына тоқталып, оның азаматтық белсенділікті арттырудағы рөлін атап өтті.

– Жаңа Конституция жастарға өз бастамаларын жүзеге асыруға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға және елдің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Бүгінде жастар еріктілік, экология, әлеуметтік жобалар мен қоғамдық бастамалар арқылы азаматтық жауапкершілігін көрсетіп келеді. Бұл – Конституцияда белгіленген құқықтар мен міндеттердің іс жүзінде көрініс табуы деп есептеймін, – деді ол.

Кездесу барысында қатысушылар жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарын халық арасында кеңінен түсіндірудің маңыздылығына да тоқталды. Әсіресе жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі айтылды.

Жиын соңында қатысушылар Конституцияның қоғамдағы тұрақтылық пен заң үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі ерекше екенін атап өтті. Олар Ата Заңда айқындалған қағидаттарды жүзеге асыру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін жеткізді.

Жаңа Конституция – еліміздің құқықтық жүйесін жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қоғамдық келісімді нығайтуға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған басты құжат. Оның қағидаттарын өмірде тиімді жүзеге асыру – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан заңға құрметпен қарап, азаматтық жауапкершілікті нығайту және қоғамдағы құқықтық мәдениетті дамыту – баршаға ортақ іс.

Диана БАҚЫТҚЫЗЫ



«Тазалық – тәртіптің бастауы, ал тәртіп – өркениетті қоғамның негізі». Бұл қағида бүгінде әрбір елді мекеннің даму бағдарына айналып отыр. Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кезекті науқан ғана емес, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырып, азаматтық жауапкершілікті арттыруға үндейтін ауқымды қозғалыс. Акцияның басты мақсаты – әр азаматтың туған жерге деген жанашырлығын оятып, заңға құрмет пен қоғамдық тәртіпті күнделікті өмір салтына айналдыру.

ТАЗАЛЫҚ – МӘДЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

«Туған жердің тазалығы – әр азаматтың парасаттылығының өлшемі» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, Ащыбұлақ ауылдық округінде акция басталғалы бері жүйелі әрі нәтижелі жұмыстарды жүзеге асырып келеміз. Табиғатты қорғау, елдімекендерді абаттандыру, санитарлық тазалықты сақтау және қоғамдық тәртіпті нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар ауыл тұрғындарының ортақ жауапкершілігі мен ұйымшылдығын айқын көрсетуде.

Жыл басынан бері округте 20 сенбілік өткізіліп, оған 10 350 тұрғын белсене қатысты. Бұл – туған жерге деген сүйіспеншіліктің сөзбен емес, нақты іспен дәлелденіп жатқанын көрсететін жарқын мысал. Әрбір сенбілік – ауылдың көркеюіне қосылған үлес, әрбір тазаланған көше – тұрғындардың мәдениеті мен жауапкершілігінің айғағы.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» демекші, акцияға округтің ірі кәсіпорындары мен демалыс орындары белсене қатысты. Атап айтқанда, «Первый Пивзавод» ЖШС, «Hoffman Aluminium» кәсіпорны, «Первомайские пруды» демалыс аймағы және «Тортуга» демалыс аймағының ұжымдары тағы басқа мекемелер қоршаған ортаны тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына өз үлестерін қосты. Нәтижесінде көшелер мен қоғамдық орындар тазартылып, жол жиектері ретке келтірілді, арық жүйелері тазаланып, қоқыс орындары жойылды. Бұл жұмыстар тек сыртқы келбетті көркейтп қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға да оң ықпалын тигізуде.

Табиғатты қорғау – бүгінгі күннің ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік. «Бір тал кессең – он тал ек» деген халық даналығы бүгінде өзінің өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеуде. Осы қағиданы ұстана отырып, округ тұрғындары мен мекемелер ауыл аумағында 3700 түп көшет отырғызды. Оның ішінде 200 шырша, 2500 терек және 1000 қарағаш егілді.

Әрбір көшет – болашаққа қалдырылған аманат. Жасыл желек – табиғаттың сәні ғана емес, адам денсаулығының негізі. Сондықтан көгалдандыру жұмыстары ауылдың экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, келешек ұрпаққа қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға қызмет етеді. Бүгін егілген ағаш ертең ауылдың саясына, тұрғындардың мақтаншына айналмақ.

«Тазалық – табалдырықтан басталады» дегендей, әрбір тұрғын өз ауласының, өз көшесінің тазалығына жауапкершілікпен қарағанда ғана ортақ мақсатқа қол жеткізуге болады. Осы мақсатта тазалық жұмыстарын ұйымдастыру үшін биыл 30-ға жуық арнайы техника жұмылдырылып, 65 тонна тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен бірге 35 көше тазартылып, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілді.

Тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Қоршаған ортаны қорғау, қоқысты белгіленген орындарға шығару, қоғамдық орындарды таза ұстау жөніндегі ақпараттық жұмыстар тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етуде. Себебі тазалық – бір күндік шара емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты Ащыбұлақ ауылдық округінде нақты істер арқылы жүзеге асырылып келеді. Заңның үстемдігі – әділетті қоғамның басты кепілі. Осыған сәйкес сани-

тарлық талаптарды сақтамаған 342 тұрғын үй иесіне ескерту қағаздары табысталды. Бұл – жазалау емес, ең алдымен тұрғындардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған профилактикалық шара.

Бұл көрсеткіштер заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын аңғартады. Заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті. Ал тәртіпке бағынған қоғамда тазалық та, тұрақтылық та орнығады.

Округімізде заңсыз қоқыс төгуге жол бермеу, қоғамдық орындардың тазалығын сақтау және абаттандыру қағидаларын орындау бағытында тұрақты бақылау жүргізілуде. Профилактикалық рейдтер ұйымдастырылып, тұрғындармен түсіндіру кездесулері өткізіліп келеді. Мұндай жұмыстар құқық бұзушылықтың алдын алып қана қоймай, тұрғындардың заңға деген құрметін арттыруға ықпал етуде.

Ең бастысы – бұл бастамалардың барлығы халықтың белсенді қолдауына ие болып отыр. Округімізде жастар, еріктілер, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ақсақалдар, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен қарапайым тұрғындардың ортақ іске жұмыла атсалысуы азаматтық жауапкершіліктің жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

«Таза Қазақстан» – бұл тек сенбілік емес, бұл – өмір салты. Бұл – туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғатқа деген жанашырлық, заңға деген құрмет және қоғам алдындағы жауапкершілік.

Ащыбұлақ ауылдық округінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар осының нақты дәлелі. Таза көше – тұрғындардың мәдениеті, жайқалған жасыл желек – елдің болашағы, ал заң мен тәртіп – тұрақты дамудың берік кепілі. Сондықтан туған жердің тазалығын сақтау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

«Болашақ бүгіннен басталады» десек, бүгінгі тазалық пен тәртіп – ертеңгі гүлденген ауылдың, көркейген елдің және экологиялық қауіпсіз қоғамның негізі. Ащыбұлақтағы игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, туған жердің ажарын аша түсетініне, тұрғындардың бірлігі мен жауапкершілігі нығая беретініне сенімім мол.

Өз тілшіміз

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылдың 19 тамызында сағат 11:00-де Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, 3. Батталханов көш. 20-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО аумағында №210 кабинеттегі акт залында «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО өндірістік департаменті үшін Кешенді экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген құжаттардың жобалары (ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, Технологиялық нормативтер жобасы, Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама топтамасымен ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары - 43°25'27" с.е. 77°00'24" ш.б., және Іле ауданы әсер ету аумағының географиялық координаттары – 43°25'38" с.е. 77°01'34" ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, 12-үй, тел.: 7 (72772) 2 32 27, электрондық

пошта: priroda_alm@bk.ru.

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме Қазақстан Республикасы қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhhRVUoZeeF1bmkwOFJJSiJ0cVdHUT09&omn=83210877395>

Конференция идентификаторы: 310 823 6607

Рұқсат коды: H6GF04

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Әзірлеушінің деректемелері: «СТРОЙ-ИНДУСТРИЯ» ЖШС, заңды мекенжайы: Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 68/2, БСН 991240015834, байланыстағы тұлға: Чигина Татьяна, e-mail: too.si@mail.ru, тел.: 8 701 758 76 46.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сервье Казахстан» ЖШС барлық мүдделі тұлғаларды 20.07.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде порталда хабарлайды <https://escoportal.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізу туралы хабарландырады, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев к., 10 Е, «Олжас» ЖШС.

Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «Сервье Казахстан» ЖШС, БСН150840016024, заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 310Г. Толық ақпаратты 8 701 782 66 79 телефоны бойынша алуға болады. Пікірлер мен ұсыныстарды келесі мекенжайларға жіберіңіз: escoportal.kz.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының электрондық поштасы: 329267eco@mail.ru, пошта мекенжайы: 040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Байланыс телефондары: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ООО «Сервье Казахстан» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 20. 07. 2026 г. и в течении 10 рабочих дней на портале <https://escoportal.kz> состоятся Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», расположенный по адресу: Алматинская область, Илийский район, п. Боралдай, ул. Менделеева, 10 Е. ООО «Олжас».

Заказчик и разработчик проекта: ООО «Сервье Казахстан», БИН 150840016024, юридический адрес: РК, город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, 310 Г, 3 этаж.

Для подробной информации обращаться по телефону 8 701 782 66 79. Замечания и предложения можете отправлять по следующим адресам: escoportal.kz.

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e-mail: 329267eco@mail.ru. Почтовый адрес: 040000, г. Талдықорған, ул. Кabanбай батыра, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Контактные телефоны: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Утепбергенова Пернебая**, умершего 08. 05. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ф. Т. Касымову по адресу: п. Боралдай, ул. Бостанова, №27 «А».

В связи со смертью **Калкабаева Айткали Садуақасовича**, умершего 06. 03. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ф. Т. Касымову по адресу: п. Боралдай, ул. Бостанова, №27 «А».

В связи со смертью **Баширова Темура Амидовича**, умершего 07. 05. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью **Ахметова Аркадия Вахитовича**, умершего 04. 12. 2025 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Карай, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Карайского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью **Жанботаева Мурата Курманалиевича**, умершего 02. 05. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. Д. Маметалиеву по адресу: Алматинская обл. г. Алатау, мкр.Коянжус, ул. Б. Момышұлы, д. №61, тел.: 8 7077050490.

В связи со смертью **Раимкуловой Пернекуль Абилкасымовны**, умершей 26. 06. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. Д. Маметалиеву по адресу: Алматинская обл. г. Алатау мкр.Коянжус, ул. Б. Момышұлы, д. №61, тел.: 8 7077050490.

В связи со смертью **Умаровой Манат Маметовны**, умершей 03. 07. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение

КӨҢІЛ АЙТУ

Үстіміздегі жылғы шілденің 5-жұлдызында Іле ауданының «Тілдерді дамыту орталығының» директоры, «Білім беру саласының үздігі», «Еңбек үздігі», «Қазақ мәдениетінің қайраткері» төсбелгілерінің иегері Бақытқұл Бектенқызы Каршалова 58-ге қарған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан дүние салды.



Бақытқұл Бектенқызы Іле ауданының Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Мектептен соң әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірді.

Алматы облыстық «Жетісу», «Алматы ақшамы» газеттерінде, ҚР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық кеңесі» апталығында қызмет істеді. ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінде, ҚР Құрылыс және тұрғын үй министрлігінде түрлі қызметтер атқарды. Еңбекқорлығы арқасында істеген ұжымдарында абыройлы болды.

Ол соңғы ширек ғасыр уақыт Іле ауданында түрлі жауапты қызметтер атқарды. М.Мақатаев атындағы №13 орта мектепте директорың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Іле аудандық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы болып істеді.

2010 жылдан соңғы деміне дейін «Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ Іле аудандық филиалының меңгерушісі болды. Мемлекеттік тіліміздің дамуына жанашырлық Бақытқұлдың басты миссиясына айналды.

Аудан көлемінде тілді дамытуға байланысты ондаған маңызды іс-шаралар ұйымдастырды. Өңір мәдениетінің алға басуына өз үлесін қосты. Таяуда ғана оның «Іленің ірі тұлғалары» атты кітабының тұсаукесері өткен болатын.

Бақытқұл өзінің жұғымды мінезімен, қызметіне адалдығымен оны білетіндердің жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғы-ларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Бір топ жолдастары

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Boehringer Ingelheim Pharma Gesellschaft m.b.H» Қазақстан Республикасындағы филиалы барлық мүдделі тұлғаларды 27.07.2026 ж. 10 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізу туралы хабарландырады, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев көшесі 10 Е. Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «Boehringer Ingelheim Pharma Gesellschaft m.b.H» Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН 151041013900, заңды мекенжайы: 050008, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы 52. Толық ақпаратты +7 747 414 57 85 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ҚО ТРЖ ҰДБ (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарымен қабылданады.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы e-mail: priroda_alm@bk.ru Пошта мекенжайы: 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, үй 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Байланыс телефондары: 8 (72823) 2-96-83.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал «Берингер Ингельхайм Фарма Геселлшафт м.б.Х» в Республике Казахстан доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 27.07.2026 г. в течении 10 рабочих дней на портале <https://ndbecology.gov.kz> состоятся Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», по адресу Алматинская область, Илийский район, поселок Боралдай, ул. Менделеева 10 Е. Заказчик и разработчик проекта: Филиал «Берингер Ингельхайм Фарма Геселлшафт м.б.Х» в Республике Казахстан, БИН 151041013900, юридический адрес: 050008, РК, город Алматы, Бостандыкский район, проспект Абая 52. Для подробной информации обращаться по телефону +7 747 414 57 85. Замечания и предложения принимаются на НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов) в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения».

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e-mail: priroda_alm@bk.ru Почтовый адрес: 040800, город Конаев, улица Құрылысшы, дом 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15.

Контактные телефоны: 8 (72823) 2-96-83.

Меншік иесі: «Іле тану» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,
№KZ30VPY00065449 КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №26 Осы шығарылымның таралымы - 10050